



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕДИЦИНА
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ
КҮШ ҚОЛДАНУ –
ЗАҢ АЯСЫНДА ҚАТАҢ
ЖАЗАЛАНУЫ ТИІС

2-бет



ҚАРЫНДАШТЫҢ
ҰШЫ

6-бет



УКРАИНЕ – РАКЕТЫ,
А АМЕРИКЕ –
БЕСПОШЛИННЫЙ
РЫНОК

14-бет

ҚАЗАҚҰНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№30 (1159) 28.07.2025



ҚАЗАҚ
ЖЫРЫНЫҢ
ҚАС ЖҮЙРІГІ
ЕДІ...

12-13
бет

БАЛАЛАРДЫҢ АМАНДЫҒЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ...



3
бет

«Зерттеу жүргізу барысында шыны препаттардың сапасы төмен болатын кездер кезігеді. Ондай кездерде биоматериалды қайта сұратып, талдаманы қайта жүргіземіз. Зерттеу кезінде лейкоз анықталса, протокол бойынша ем қабылданады. Он бес күннен кейін қайта тексерілген кезде талдаманың нәтижесі дұрыс шықса, бұл біз үшін де үлкен қуаныш. Мұнда ең бастысы – зерттеудің дұрыс жүргізілуі. Сонда ғана диагноз дұрыс қойылады. Егер дер кезінде дұрыс диагноз қойылып, ем-шара жүргізілмесе, онда дерт дендеп, қатерлі ісікке ұласуы мүмкін. Бұрындары қатерлі дертке шалдығатындардың саны санаулы болса, қазір көбейіп келе жатқаны алаңдатады. Бір жағынан бұл сол кезеңдегі диагностиканың дамуымен де тығыз байланысты» деп түйіндеді сөзін Г.Заңғалиқызы.



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ – ӘР БАЛАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше өткен жылы елімізде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны 230 мыңнан асып жығылған. Инклюзиялық білім берудің қажеттілігі мен маңыздылығын ескере отырып, министрліктің құрылымында инклюзивті және арнайы білім беру департаменті құрылып, өз жұмысын бастады. Өткен жылы ғылыми қауымдастық және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып ауқымды жұмыстар атқарылды. Инклюзиялық және арнайы білім беру саласындағы барлық нормативтік құжатқа талдау жүргізілді. Нәтижесінде 15 нормативтік-құқықтық акт қабылданып, соған сәйкес жұмыстар жүргізіле бастаған-ды.

5
бет

ТЮРКСКИЙ СЛЕД В «ЭПОСЕ О ГИЛЬГАМЕШЕ»

Когда мы говорим об истоках древней прототюркской культуры, мы неизбежно впадаем в область культурно-исторических интерпретаций, отсылочек, цитаций древних авторов, догадок и предположений, которые иногда кажутся нам удивительно верными, но все же еще не подлинно достоверными, требующего фактического материала из разных областей культурного знания человечества.



ӨМІР КҮНДЕ
ТОЙ ЕМЕС

8-9
бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ КҮШ ҚОЛДАНУ – ЗАҢ АЯСЫНДА ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНУЫ ТИІС

Медицина қызметкерлеріне күш қолдану — заң аясында қатаң жазалануы тиіс. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес белгілі болды. Президенттің кеңесшісі әрі баспасөз хатшысы Руслан Желдібай ресми мәлімдеме жасады.

— Мемлекет басшысы медицина қызметкерлеріне күш қолданып, қатыгездік танытқан әрекеттерге қатысты жазаны қатаңдату мақсатында ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізу туралы Парламент депутаттарының, денсаулық сақтау саласы өкілдерінің және белсенді азаматтардың ұсынысын қолдайды, — делінген хабарламада.

Мұндай жағдайлар дәрігерлердің өміріне қауіп төндіріп, олардың кәсіби қызметін атқаруына елеулі кедергі келтіруде. Сондықтан мұндай келеңсіздіктерге құқықтық тұрғыда батыл тосқауыл қойылуы тиіс. Президент бұл мәселені «Заң



және тәртіп» қағидатына сүйене отырып, шешуді тапсырды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Үкіметке заңнамалық түзетулер пакетін әзірлеуді жүктеді. Жаңа бастама Парламентте азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен кеңінен талқыланатын болады.

Бұл шешім — соңғы уақытта елде жиілеп кеткен медицина қызметкерлеріне қарсы күш қолдану оқиғаларынан кейін қабылданған нақты әрекет. Ақ халатты абзал жандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету — қоғамның да, мемлекеттің де ортақ міндеті.



БЕРЕРІ МОЛ БАҒДАРЛАМА

Қазақстанда жазғы демалыс кезінде мектепке баратын балаларды қолдау мақсатында «Балақайлар мектебі» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр.

Бұл бастама биыл екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес әзірленіп, балабақша мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасы балалардың физикалық, зияткерлік, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған.

— Жаз айларында бір айлық қысқа мерзімді даярлық курстары арқылы 25 мыңға жуық бала қамтылды. Сабақтар күн сайын 30 минуттан өтеді. Оқу үдерісін бастауыш сынып мұғалімдері немесе мектепалды даярлық педагогтері жүргізеді, — дейді мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манар Адамова.

Тамыз айында тағы 5,3 мың топ ашылып, қосымша 65,2 мың бала қамтылады деп жоспарланып отыр. Осылайша, жазғы кезеңде бағдарламаға қатысатын балалар саны 90 мыңға жуықтайды.

Министрлік өкілдерінің айтуынша, бұл бастама — бұған дейін балабақшаға бармаған балалар үшін мектепке дейінгі білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған маңызды қадам.

ҚАРЖЫ ЖЫМҚЫРҒАНДАРҒА ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Алматы облысында «Алматыгазсервис-Холдинг» АҚ қызметкерлері 168 миллион теңгені жымқырды деген күдікке ілінді.

Тергеу мәліметтеріне сәйкес, компания өкілдері тұрғындардан қолма-қол ақша жинап, төлемді арнайы жүйеде жасырып келген. Жиналған қаржы заңды түрде өткізу орнына жеке мақсатқа жұмсалған. Күдіктілер қатарында компания директоры, оның орынбасары, аға оператор мен бақылаушы бар.

Сот шешімімен олардың жал-



пы құны 165 млн. теңге болатын мүлкіне (пәтер, үй, көлік) тыйым салынды. Қылмыстық іс аяқталып, материалдар сотқа жолданды.

САУДА ОРТАЛЫҒЫ ОТҚА ОРАНДЫ

Кентау қаласындағы Әл-Фараби көшесінде орналасқан үш қабатты АБК сауда орталығының шатырында шыққан өртті Түркістан облысының өрт сөндірушілері сәтті ауыздықтады.

Төтенше жағдай орнына жедел штаб құрылып, өртті сөндіруге 38 маман мен 8 арнайы техника жұмылдырылды. Құтқарушылардың кәсіби әрекетінің нә-

тижесінде өрт 22:09 шамасында толық сөндірілді.

— Өрт сөндірушілер оқиға орнына жеткен кезде жалпы аумағы 1000 шаршы метрлік сауда орталығының 270 шаршы метрі жанып жатқан. Су үздіксіз беріліп, өрттің кең таралуына жол берілмеді. Зардап шеккендер жоқ. Қазіргі таңда өрттің шығу себебі анықталуда, — деді Кентау қаласы ТЖ бөлімінің бастығы Серік Төлегенов.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАН ЖҮРГІЗУШІ ЖАЗАЛАНДЫ

Алматы полициясы жол қозғалысы ережесін өрескел бұзған жүргізушілерді анықтады.

Әлеуметтік желілерде бірнеше көлік жүргізушісі тарапынан жол жүру ережелерінің өрескел бұзылғаны түсірілген бейнежазба тарады. Кадрларда қарама-қарсы жолақпен жүру, артқа қозғалу, агрессивті жүргізу және басқа да қауіпті маневрлер бейнеленген.

Қалалық полиция департаменті жүргізушілер анықталып,

ереже бұзған көліктер арнайы айыппұл тұрағына қойылғанын хабарлады.

— Жол қозғалысының басқа қатысушыларына қауіп төндіріп, автокөлікті артқа қарай жүргізген жүргізушілердің бірі сот шешімімен 10 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Жол — бейқамдықты кешірмейді, ал жол жүру ережелерін әдейі елемей жазасыз калайды, — деді Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Серік Шумаев

ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН – ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ ӘРТІСІ

Қырғызстанда өткен «Мейкин Азия» халықаралық музыкалық фестивалі аясында әлемге әйгілі қазақ әншісі Димаш Құдайбергенге Қырғыз Республикасының Халық әртісі атағы берілді. Бұл мәртебелі марапат Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровтың қолдауымен табысталды.



Чолпон-Ата қаласында өткен баспасөз мәслихатында Димаш Құдайберген өзіне көрсетілген бұл құрметті бауырлас қырғыз халқының қазақ еліне деген ілтипаты ретінде қабылдайтынын айтты.

— Ең алдымен, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа шексіз алғысымды білдіремін. Бұл марапат — маған ғана емес, күллі қазақ халқына деген бауырмал ықыластың, достықтың көрінісі. Қырғыз халқының өнер мен өнерпазға деген ілтипаты ерекше әсер етті, — деді Димаш Құдайберген.

Әнші сондай-ақ фестивальді жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғысын білдіріп, алдағы уақытта Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы мәдени байланыстарды дамытуға белсенді үлес қоса беретінін жеткізді.

Бұл марапат — Димаш Құдайбергеннің Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы мәдени ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі мен Орта Азия өнерінің халықаралық аренадағы танымалдығын арттыру жолындағы еңбегінің жарқын нәтижесі.

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ІСКЕ ҚОСЫЛУДА

Қазақстанда алғашқы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған жаңа модель енгізіліп жатыр. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі «Алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін жаңғырту» тақырыбында өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.



Қазіргі таңда елімізде 677 алғашқы медициналық-санитариялық көмек нысаны жұмыс істейді. Оның 62%-ы қалада, 38%-ы ауылдық жерлерде орналасқан. Салада басқарудың заманауи тәсілдері мен жаңартылған нормативтік-құқықтық базалар енгізілуде.

Министрлік өкілдерінің айтуынша, енді науқастарды қабылдау уақыты 6 сағатқа дейін ұзартылып, бұл дәрігерге пациентті жан-жақты қарап, тиімді ем тағайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алғашқы медициналық көмектегі басым бағыт — аурудың салдарын емес, себебін анықтап, ерте алдын алу шараларын күшейту болып отыр. Медициналық қызметтің

жаңа моделінде пациенттердің бейінді мамандарға өздігінен жазылуына мүмкіндік берілген. Сондай-ақ медбикелердің жеке қабылдау жолға қойылып, олар енді кейбір емдеу шараларын дербес жүргізе алады. Бұл өз кезегінде дәрігерлердің жүктемесін азайтып, қызмет сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Бұдан бөлек, мобильді бригадалардың қызметі кеңейіп, шұғыл көмек көрсететін кабинеттер ашылуда. Кейбір өкілеттіктер бейінді мамандардан жалпы тәжірибе дәрігерлеріне, ал дәрігерлерден медбикелерге берілмек. Бұл реформалар медицина қызметкерлерінің еңбегін ынталандыру және науқастарға қолжетімді медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚЫЗЫЛОРДАДА КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАЛДЫ

Қызылорда қаласында тізе және жамбас буындарын алмастыру отасы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қатысушылар үшін тегін жүргізіледі. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалы хабарлады.

Эндопротездеу — зақымдалған буынды жасанды имплантпен алмастыру операциясы. Қазіргі таңда бұл — ең жиі жасалатын күрделі ортопедиялық оталардың бірі саналады. Құны шамамен 1,6 миллион теңге тұратын жоғары

технологиялық бұл ем шарасы толықтай қор есебінен қаржыландырылады.

Қалалық көпбейінді ауруханада жыл сайын осындай 100-ге жуық ота жасалады. Отадан кейін пациенттер стационарлық оңалту курсынан өтеді. Бұл қызметтердің барлығы МӘМС жүйесі арқылы қолжетімді.

— Ең бастысы — азаматтардың медициналық сақтандыру жүйесінде мәртебесі болуы керек. Сонда бұл ем-домдарды ешқандай төлемсіз алуға мүмкіндік бар, — дейді аурухананың травматолог-дәрігері Еркебұлан Молда-назаров.

Республика бойынша жыл сайын 600-ден аса бала қатерлі ісік ауруымен бетпе-бет келеді. Ал 5 мың бүлдіршіннің диспансерлік есепте тұрғанын ескерсек, аталмыш дерттің адам таңдамайтынын аңдаймыз. Дәрігерлердің сөзінше, балалар арасында лейкоз, яғни ақ қан қатерлі дертінің дендеп бара жатқаны бұл мәселенің қоғамдағы өзектілігін көрсетсе керек. Осынау дертпен күресу жолында еңбек етіп келе жатқан жанның бірі, Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының клинико-диагностикалық зертхана маманы Гүлзат Батырханованы әңгімеге тарттық.

Оқушы кезінен-ақ медицина саласының маманы болуды армандаған Гүлзат Батырханова мектеп бітірген сонау 1985 жылы-ақ ешбір ойланбастан, Республикалық-медициналық училищеге медбике мамандығы бойынша оқуға түседі. Ең алғашқы еңбек жолын ол небәрі он тоғыз жасында яғни, 1987 жылы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Пульмонологиялық бөлімшесінде мейірбикеліктен бастайды. Өз қызметін қалтқысыз атқара жүріп, 1994 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Биология факультетіне (кешкі бөлім) оқуға түседі.

2003 жылы медбикенің тынымсыз тірлігінен, клинико-диагностикалық зертхананың маманы ретінде өз жұмысын бастайды.

Қазіргі таңда Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында микробиология, патоморфология, генетика, ағынды цитофлюориметр, полимерлі-тізбекті реакция, биохимиялық анализаторлар, компьютерлік томография, ультрадыбыстық сканир және т.б. бірнеше лабораториялық бөлімшелер жұмыс істейді.

Сонымен қатар орталық:

- бала ауруы мен мүгедектігінің алдын алу және емдеу әдістерін жасау

- балалардағы гематология
- жүрек-қан тамырлары аурулары, бронх-өкпе және гастроэнтерология аурулардың клиникалық-эпидемиялық ерекшеліктерін айқындап, олардың терапия және реабилитация әдістемелерін жасау;

- балалардың туа және жүре пайда болатын хирургиялық ауруларының емдеу-диагностикалық тәсілдерін қалыптастыру;

- Арал өңіріндегі балалар денсаулығын зерттеу және оларды емдеу жөнінде ғылым негізделген бағдарламалар жасау сынды ғылыми бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Жоғарыда тілге тиек еткен балалардағы гематология бағытының алға қарай адымдауына өзінің септігін тигізіп жүрген Гүлзат Батырханованы өз ісінің нағыз майталман маманы десек болғандай.

— Қазіргі кездегі ең негізгі кәсіби бағытым — сүйек кемігін зерттеу арқылы қан ауруларын бастапқы диагностикалау. Әсіресе диагностиканың дәлдігіне сүйенетін онкология мен гематология салаларында сүйек кемігі — негізгі «көз» секілді. Мен бұл істі өзімнің миссиям деп қабылдаймын. Себебі наукастың дұрыс диагнозы — оның емделу жолындағы алғашқы әрі маңызды қадамы, — дейді Гүлзат Заңғалиқызы.

Жоғарыда атап өткеніміздей, лейкоз бүгінде қауіпті дерттің бірі. Лейкозды анықтау үшін кейде қарапайым қан талдауы жеткілікті болса, көп жағдайда күрделі талдаулар мен процедураларды жасаудың қажеттілігі туындайды. Жілік майының пункциясы — зерттеудің негізгі түрлерінің бірі. Бұл тұрғыда алынған материал микроскоп-



БАЛАЛАРДЫҢ АМАНДЫҒЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ...

пен толтыққанды зерттеледі. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Гүлзат Батырханова да дәл осы міндетті атқаратын кәсіби маман.

Зерттеу жүргізу барысында ол жілік майы жасушаларының құрылымына, химиялық құрамына және лейкоциттер санына басты назар аударады.

« — Сүйек кемігін зерттеу — шын мәнінде өте нәзік әрі жоғары дәлдікті талап ететін сала. Бұл жұмыстың әрбір қадамы — адамның өмірімен тікелей байланысты.

Ең алдымен, бұл зерттеу қан ауруларының, лейкоздардың, лимфомалардың, сондай-ақ кейбір солидті ісіктердің нақты диагнозын қоюда шешуші рөл атқарады. Сол себепті де, әрбір микроскоп астындағы жасуша — жай ғана биоматериал емес, бір адамның үміті, тағдыры деп қабылдаймын.

Қиындықтары да аз емес. Біріншіден, сүйек кемігінің мате-

риалын дұрыс алу мен оны сапалы өңдеу — бүкіл процестің негізі. Екіншіден, морфологияны интерпретациялау, яғни қан жасау жүйесінің бұзылыстарын дәл ажырата білу — терең білім мен үлкен тәжірибені қажет етеді. Бұл жерде қателесуге құқығың жоқ» дейді маман.

Асқан жаупкершілікті талап ететін мамандықтың иесі Гүлзат Батырханова өз саласының кәсіби маманы атану үшін де көп тер төкті. Атап айтқанда ол 2011 жылы Екатеринбург қаласындағы Облыстық балалар ауруханасында «Зертханалық гематология» мамандығы бойынша жұмыс орнында оқу курсынан өтті. Одан әрі де тынымсыз ізденісті жалғастырып, 2014 жылы ФМҚМ «Дмитрий Рогачев атындағы Ұлттық балалар гематологиясы, онкологиясы және иммунологиясы орталығында» онкология және гематология саласындағы «Цитоморфоло-

гиялық зерттеулердің теориялық негіздері» атты біліктілік куәлігін алды. Ал 2015 жылы Н.Н. Блохин атындағы Ресей онкология ғылыми орталығында біліктілігін арттырды. Аталмыш орталықтың «Балалардағы қатерлі ісіктерді цитологиялық диагностикалау» бойынша куәлігін иеленіп, саладағы хас мамандардың біріне айналады.

2017 жылы И.П. Павлов атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік медицина университетінде «Балалар мен жасөспірімдердегі гематологиялық және онкологиялық аурулар кезінде сүйек кемігін цитоморфологиялық зерттеу» тақырыбы бойынша кәсіби біліктілігін арттырып, өз саласына тереңнен үңіле бастайды. Мұндағы басты мақсат — халық саулығын сақтау және нығайту ісіне үлес қосу.

«Менің кәсіби қызметім сүйек кемігін морфологиялық

төгіп келе жатқан кәсіби маман бүгінде өз тәжірибесімен бөлісіп те жүр.

«Мен үшін кәсіби шеберлікті шыңдаумен қатар, өз тәжірибемді басқалармен бөлісу — ерекше маңызды миссия. Соңғы жылдары өңірлік зертханаларда жұмыс істейтін мамандарға сүйек кемігін зерттеу бойынша оқыту, практикалық тренингтер, шеберлік сабақтарын өткізу — менің күнделікті жұмысымның бір бөлігіне айналды. Шеберлік дәрістерінде еліміздің түкпір-түкпірінен келетін мамандарды оқытамыз. Сабақ бір-екі күндік емес, бір айға дейін созылады. Себебі, әрбір клетка микраскоппен толыққанды қаралып, зерттеледі» деп сабақтады сөзін лаборант.

Осы орайда біз кейіпкерімізден орталықтағы зерттеу жүргізуде қолданылатын арнайы құрал-жабдықтар туралы айтып беруін өтіндік.

Г.Заңғалиқызының айтуынша, зерттеу жүргізу барысында лабораторияда «Sysmex XN-550» гематологиялық анализаторы, Architect c4000- биохимиялық анализаторы және Architect i2000 аппараттары қолданылады. Аталмыш құрылғылардың барлығы қан құрамының көр-

сеткіштерін анықтауға ықпал етеді екен.

Гүлзат Батырханованың сөзіне сүйенсек, еліміздің түкпір-түкпірінен орталық мамандарының көмегіне сүйенетін науқастар жетерлік көрінеді. Кей жағдайда зерттеу нәтижесіне байланысты диагноздың дұрыс қойылмайтын кездері де кездеседі екен. Ондай сәттерде тыңғылықты түрде зерттеу жұмысын жүргізе отырып, дұрыс нәтиже шығаруға ықпал етеді екен.

«Зерттеу жүргізу барысында шыны препаттардың сапасы төмен болатын кездер кезігеді. Ондай кездерде биоматериалды қайта сұратып, талдаманы қайта жүргіземіз. Зерттеу кезінде лейкоз анықталса, протокол бойынша ем қабылданады. Он бес күннен кейін қайта тексерілген кезде талдаманың нәтижесі дұрыс шықса, бұл біз үшін де үлкен қуаныш. Мұнда ең бастысы — зерттеудің дұрыс жүргізілуі. Сонда ғана диагноз дұрыс қойылады. Егер дер кезінде дұрыс диагноз қойылып, ем-шара жүргізілмесе, онда дерт дендеп, қатерлі ісікке ұласуы мүмкін. Бұрындары қатерлі дертке шалдығатындардың саны санаулы болса, қазір көбейіп келе жатқаны алаңдатады. Бір жағынан бұл сол кезеңдегі диагностиканың дамуымен де тығыз байланысты» деп түйіндеді сөзін Г.Заңғалиқызы.

Маман сөзінше, қазіргі таңда айына жоқ дегенде онға жуық баладан қауіпті дерт анықталатын көрінеді. Бұл өз кезегінде көзіміздің нұры болған балапандарымыздың саулығына жауапкершілікпен қарау қажет деп қағылған дабыл іспетті. Әрбір отбасы үшін балаларының амандығы бәрінен қымбат. Сондықтан да көзіміздің ағы мен қарасы болған бүлдіршіндеріміздің саулығын сақтауға сергек қарағанымыз абзал.



«АҚ ЖОЛ» КӨШБАСШЫЛАРЫ АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қалалық мәслихатының «Ақ жол» депутаттық фракциясы ардагерлердің қоғамдық бірлестіктері басшыларымен жұмыс кездесуін ұйымдастырды. Кездесуге «Чернобыль» одағы, Ауғанстан, Қарабах, Тәжік-Ауған шекарасы және Ирактағы бітімгерлік миссиялар ардагерлерінің ұйымдары қатысты.

Кездесудің басты мақсаты — ардагерлер ұйымдарының мүшелері арасында кәсіпкерлік қызметті дамытуға ықпал ету және мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шараларын түсіндіру болды.

Мемлекеттік органдар мен «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысушыларға қайтарымсыз гранттар, әлеуметтік кәсіпкерлік бағдарламаларына қатысу шарттары, «Даму» қоры арқы-



лы жеңілдетілген несиелендіру тетіктері, сондай-ақ тегін оқыту мен кеңес беру мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпарат берді.

Қалалық мәслихат депутаты Қанат Ибраев ардагерлер қауымдастықтарының ерекшеліктеріне бейімделген бизнес құралдарының маңыздылығын атап өтіп, бизнес-

жоспарлар әзірлеу мен стартап жобаларды іске асыру мәселелеріне тоқталды. Депутат Жанаргүл Құлмағамбетова өз сөзінде әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне ену тәртібіне және ардагерлер ұйымдарының әлеуметтік-экономикалық бастамаларға белсенді қатысу қажеттігіне назар аударды.

Кездесу қорытындысы бойынша ардагерлер ұйымдарының әлеуметтік маңызы бар бастамаларын одан әрі қолдау және бірлесіп жұмыс істеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

«Ақ жол» демократиялық партиясының Астана қалалық филиалы азаматтық бастамаларды, шағын және орта бизнесті қолдау және қоғам мен мемлекеттік институттар арасындағы сындарлы диалогты нығайту бағытында жүйелі жұмысты жалғастырады.

Астана қалалық филиалы



ПАРТИЯ СЕРКЕЛЕРІ МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

«Ақ жол» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, Экология, өндіріс, шаруашылық және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Бауыржан Тұрсымбайұлы Сандыбаев пен партиядан сайланған облыстық мәслихат депутаты Н.Сопбеков облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Р.Ибрагиммен бірге Қызылорда қаласында құрылыс жүргізіліп жатқан бірқатар маңызды нысандарды аралады.

Атап айтқанда, Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының Әбілқайырхан көшесінен Саламатов көшесіне дейін Сырдария өзенінің бөтетін нығайту арқылы жүргізіліп жатқан, ұзындығы — 2,9 км болатын жол құ-

рылысын аралады. Аталған жол құрылысын мердігер мекеме — «УАД» ЖШС құрылыс мекемесі жүргізуде. Жұмыстар биылғы жылдың қыркүйек айына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласы Қараөзек ауылына дейінгі жол бойындағы Қожақ автожол көпірі де назардан тыс қалмады. Бүгінде ұзындығы 5 шақырымды құрайтын көпірге «Қыран» ЖШС мердігер мекемесі күрделі жөндеу жұмыстары жүргізуде. Бұл нысанда жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Ақжолдық халық қалаушылары құрылыс жұмыстарының орындалуын тексеріп, мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс жұмыстарының сапалы орындалып, мерзімінде аяқталуы қажеттігін жеткізді.

Қызылорда облыстық филиалы

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде той беріп шашылып, аста-төк ас өткізіп, ысырап қылып, қарызға батып жатқандар көп. Осы мәселені алға тартып, Көктал ауылының тұрғындары ауыл әкіміне қайырылып, имамдардан сұрауды өтінген болатын.

«Ақ жол» партиясынан сайланған Көктал ауылдық округінің әкімі Серік Қайпулдаев тұрғындардың өтініші бойынша ауданнан имамдарды шақырып, мәдениет үйінде кездесу ұйымдастырды.



«Қазақ дәстүрі бойынша ас беру мәдениеті» тақырыбында өткен кездесуге ауыл қариялары көптеп жиналды. Көпшілік кө-

кейде жүрген сұрақтарын қойып, жауап алды.

Жамбыл облыстық филиалы

«ЖАМБЫЛ СУ» КӘСІПОРНЫНДАҒЫ КЕЙБІР КЕМШІЛІКТІ АНЫҚТАДЫ

«Ақ жол» партиясынан сайланған депутат Бауыржан Найзақұлов Тараз қалалық мәслихатында құрылған мониторингтік топпен бірге «Жамбыл су» кәсіпорнының жұмысын зерделеп, бірқатар кемшіліктерді анықтады.

Ақжолдық депутаттың айтуынша, былтыр наурыз айында қалалық мәслихаттың шешімімен аталған мемлекеттік кәсіпорынға цифрлық «тұтынылатын суды есепке алу үшін стенд-сервер» сатып алуға 67 900 000 теңге сомасы бөлінген. Алайда арада бір жарым жылға жуық уақыт өтсе де, аталған жаңа қондырғы белгісіз себептермен пайдалануға берілмеген. Тіпті, әлі күнге аккредиттеуден және сертификаттаудан өтпеген.

«Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жанында су есептегіштерін сертификаттауды жүзеге асыратын жеке фирманың кеңсесі орналасқан. Пайдалану мерзімі аяқталған барлық абоненттер жеке фирманың кеңсесіне жіберіледі. Сертификаттауды алу және есептегіштің мерзімін ұзарту ақысы 5000-нан 10000 теңгеге дейін тұрады. Алысқа сабылмай-ақ, тура қасында осындай мекеме тұрғанда нәліктен кәсіпорын аккредиттеуді алу мерзімін кешіктіреді деген сұрақ туындайды. Мүмкін бұлай болғаны әлдебіреудің мүддесі үшін қажет шығар?! Кәсіпорынның берген дерек-



теріне сүйенсек, қала бойынша барлығы 120 000 абонент бар. Аудандарда электрондық есептегіш 12000 теңге, ал электрондық модем-таратқыш 27 000 теңге тұрады. Жалпы алғанда, әрбір абонент жеке тұлға 39000-40000 теңге төлеуі тиіс! Бұл нонсенс... Бұдан гөрі 5000-7500 теңге тұратын дәлелденген ескі механикалық есептегішті қолданған дұрыс деп санаймын. Абонентті ешкім мәжбүрлемейуі тиіс, электронды есептегіштерді күшпен сатып алғыза алмайды.

Сервердің бағдарламасын жасақтауға лицензиялық қызметті үшінші тараптағы компаниясы көрсетеді. Күнделікті электрондық деректерді беру, тағы байланыс операторы, тағы да басқалары... Бұдан кәсіпорынның шығыны ұлғаяды. Бұл болашақта бағаға және төленетін тарифтің

өсуіне әсер етеді. Осының бәрін сараптай келе, біз кәсіпорынның экономикалық қызметі дұрыс стратегиялық және жедел жоспарлауға негізделмеген деген қорытындыға келдік», — дейді Бауыржан Найзақұлов.

Бюджет қаражаты игерілді, бірақ сервер жұмыс істемейді. Бұл жұмсалған қаржының қайтарымы жоқ деген сөз. Қысқасы, қазына қаржысын тиімді игерілмеген. «Осы қаражатқа арнайы техниканың бірнеше бірлігін сатып алуға, автопаркті жанартуға болады, олар апатты жағдайлар орын алса, соны жоюға жұмылдырылар еді. Мұндай бұзушылықтар үшін кәсіпорынның лауазымды тұлғалары жауапты болуы керек деп санаймыз», — дейді ақжолдық депутат.

Жамбыл облыстық филиалы

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҰЛЫҚТАУҒА АТСАЛЫСУДА

Семей қаласында Мәңгілік ел көшесі, 10 мекенжайында халқына аянбай қызмет еткен қос тұлға — Совет Кәкімұлы Қазыбаев пен Нина Ахановна Болеповаға арналған ескерткіш тақтаның салтанатты ашылуы өтті.

Іс-шараға «Ақ жол» демократиялық партиясының Абай облыстық филиалы да қатысып, ел есінде қалған тұлғалардың рухына тағзым етті.

Совет Қазыбаев — ауыл шаруа-

шылығы ғылымдарының кандидаты, ұстаз, қалалық Кеңестің депутаты, білім мен ғылым саласына елеулі үлес қосқан қайраткер.

Нина Болепова — облыстық комсомол комитетінің алғашқы әйел басшысы, Жаңа-Семей ауданында партиялық және әкімшілік қызметтерде еңбек еткен қоғам қайраткері.

Қос тұлғаның өмірі — жас ұрпақ үшін үлгі, ел есінде қалатын ерен еңбек иелері.

Абай облыстық филиалы

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше өткен жылы елімізде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны 230 мыңнан асып жығылған. Инклюзиялық білім берудің қажеттілігі мен маңыздылығын ескере отырып, министрліктің құрылымында инклюзивті және арнайы білім беру департаменті құрылып, өз жұмысын бастады. Өткен жылы ғылыми қауымдастық және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып ауқымды жұмыстар атқарылды. Инклюзиялық және арнайы білім беру саласындағы барлық нормативтік құжатқа талдау жүргізілді. Нәтижесінде 15 нормативтік-құқықтық акт қабылданып, соған сәйкес жұмыстар жүргізіле бастаған-ды.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ – ӘР БАЛАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК



Нүргүл Садық

Осы орайда, бала өмірге келген кезден бастап, білім алып, белгілі бір мамандықтың иесі атанғанға дейін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үш деңгейлі үлгісі енгізілді. Қолдау кабинеттері үшін жаңа талаптар бекітіліп, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс үшін жеке бағдарламалар дайындалды. Сонымен қатар, педагог-ассистент, арнайы педагог, жеке көмекші секілді жана лауазымдар пайда болып, бұл бағыттағы жұмыс жандана түсті.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев: «Ұлттық үздіксіз инклюзивті білім беру орталығын құру туралы шешім қабылданды. Оның

максаты педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу көрсету, білім берудегі қиындықтарды анықтау және алдын алу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыру» деген болатын.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз процесс. Ол әр баланың физикалық, психикалық, зияткерлік, мәдени және тілдік ерекшеліктерін ескеріп, еш кемсітудің, ортақ білім беру кеңістігінде оқытуға мүмкіндік береді. Бүгінде бұл тәсіл әлемдік білім берудің басты бағыттарының бірі болып отыр. ЮНЕСКО деректері инклюзивті білім беруді дамыту қажеттілігін айқын көрсетіп отыр: әлемдегі мүмкіндігі шектеулі балалардың тек 10%-ы ғана мектепке барады, ал 5%-ы ғана бастауышта білім алады. Сондықтан білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – әр балаға тең мүмкіндік беру және әлеуметке толыққанды кірігуіне жағдай жасау.

Бүгінде Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен инклю-



зивті білім беру ісіне зор көңіл бөлінуде. Соған сәйкес, республикамыздың түкпір-түкпіріндегі орта және жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беру жолында мұғалімдердің біліктілігін арттыру ісі қолға алынуда.

Түркістан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауылындағы Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернаттың бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор Нүргүл Садық таяуда ғана Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ шеберлік орталығынан «Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтіп, арнайы сертификатын иеленді. Осы орайда педагог тақырып бойынша көкейге түйгенімен бөлісуді жөн санады.

Педагог-модератор Нүргүл Бақытжанқызы: «Инклюзивті білім беру – қазіргі білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі. Бұл – ерекше қажеттіліктері бар балаларға ғана емес, әрбір оқушыға қолайлы әрі қолжетімді білім беру ортасын құруды көздейді.

Бастауыш сынып – баланың тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл кезеңде әр

баланың қабілеті, оқу қарқыны, даму деңгейі әртүрлі. Сол себепті оқыту барысында біз олардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескеруге тиіспіз. Мұғалімнің міндеті – әр оқушыға қолдау көрсету, оны білімге қызықтыру, өзіне сенім ұялату.

Бүгінде бастауыш сыныптарда оқу мен тәрбие үдерісі тек білім берумен шектелмейді. Ол оқушылардың эмоциялық жай-күйіне, мінез-құлық ерекшеліктеріне, бір-бірімен қарым-қатынасына тікелей байланысты. Инклюзивті ортада тәрбиеленген бала өзгеге түсіністікпен қарап, мейірімділікке, ынтымақтастыққа бейімделеді.

Сыныпта ерекше қажеттіліктері бар немесе оқуда қиындығы бар балалар кездесуі мүмкін. Ондай жағдайда мұғалім оқыту әдісін түрлендіріп, тапсырмаларды жеңілдетіп немесе бейімдеп, қолдау тетіктерін қолданады. Жеке және топтық жұмыс, ойын арқылы оқыту, шығармашылық тапсырмалар – инклюзивті білім берудің тиімді әдістеріне жатады.

Білім беру – тек пәндік біліммен шектелмейтін, жан-жақты дамуға жол ашатын сала. Сондықтан

инклюзивті білім беру – барлық балаға сапалы білім алуға және толыққанды қоғам мүшесі болуға мүмкіндік беретін басты құрал» дейді мұғалім.

Бұл тұрғыда бастауыш сынып мұғалімі ретінде әр пәнді оқытудың өзіндік ерекшелігі бар екенін айтады маман.

– Бүгінгі күннің талабына сай бастауыш сынып оқушыларына тек оқи білу жеткіліксіз. Олар түрлі мәтін түрлерін – диаграмма, кесте, сурет, карта секілді визуалды ақпаратты да еркін оқи алуы тиіс. Сондықтан оқу сауаттылығын дамыту үшін тек әдеби емес, әртүрлі жанрадағы мәтіндерді, соның ішінде электрондық ресурстарды да кеңінен пайдаланамыз.

Мұнда ең бастысы – баланың оқығанын түсініп, өз ойын білдіре алуы. Сол үшін біз пәнаралық тәсілді қолданамыз: тілдік пәндерде ғана емес, математика, жаратылыстану сияқты басқа пәндерде де мәтінмен жұмыс істеуді үйретеміз. Оқушылар өз бетінше қорытынды жасап, пікірін айтуға дағдылануы қажет. Бұл – болашақта кез келген ақпаратты сын көзбен қабылдап, дұрыс шешім шығаруына негіз болады.

Математикалық сауаттылықты дамытуда өмірмен байланысты тапсырмалардың маңызы зор. Мысалы, біз балаларға пайызға қатысты есептер, диаграммалар мен кестелер арқылы берілген мәліметтерді талдауды үйретеміз. Бұл олардың логикалық ойлауын ғана емес, күнделікті өмірде кездесетін қарапайым мәселелерді шешу қабілетін де дамытады, – дейді бастауыш сынып мұғалімі Нүргүл Садық.

Инклюзивті білім беру бағытында алдағы уақытта қыруар шаруа атқарылатыны сөзсіз. Демек, әр балаға тең мүмкіндік беріледі.

Майра ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ

ДАРЫНДЫ ШӘКІРТ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Ұстаздық – ұлы ұғым, сондықтан ұлттық мектептің ұлы мұратын ұмытпай, бойымыздағы білімімізді, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру міндетіміз.

Еліміздің өркениетті елдер қатарынан алдыңғы орындарды иеленуге ұмтылуы жағдайында жас ұрпақты жан-жақты дамыта тәрбиелеу қажеттілігі арта түсуде. Мұны жүзеге асырудың бір жолы олардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру болып табылады. Өйткені, жеке тұлғаның эстетикалық тұрғыдан дамуы тәрбиенің құрамдас бөліктерінің барлығымен сабақтастықта, өзара байланыста жүзеге асырылады. Әсіресе, бұл сәндік-қолданбалы өнерді үйрету үрдісінен айқын көрінеді.

Жасөспірімдердің сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру үрдісінде эстетикалық мәдениетін қалыптастыру оның адам өміріндегі ролін жетік түсіндіруден, оның маңыздылығы мен мәнін және спецификалық заңдылықтарын толық ашып көрсетуден де талап етіледі. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырымас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады.

Мектептегі технология сабағында және үйірме жұмыстары барысында шәкірттерге қолөнер арқылы жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, оларды көркем еңбек-

ке баулу халқымыздың мәдени мұрасын жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді, рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелейді.

Ең басты міндет оқушыларды көркем еңбек арқылы қызығушылықтарын арттырып, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, еңбекке деген ынтасын арттыру.

Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарын талдап қана қоймай, соларға ұқсатып жасау баланың шығармашылық жұмысқа, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттырады, әдемі заттар жасауға талпындырады, рухани-адамгершілік сапалары артады, шеберлігі шыңдалады, еңбекке, еңбек адамдарына құрметі қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеленеді. Осы тұлғалық сапалардың қалыптасуы барысында эстетикалық мәдениет элементтері де үлкен мәнге ие болады.

Әр сабақ қызықты және әсерлі өту үшін әртүрлі қолөнердің әдіс-тәсілдерін үйретуге дағдыландыру талап етіледі. Оқушыларға сәндік қолданбалы өнерді оқытқанда әр халықтың көркем мұралары сөз етіліп, халық шеберлерінің еңбектерімен таныстырылады. Оқушылардың көркемдік теориялық білімін жетілдіру, практикалық іс әрекеті арқылы өз бістемен шығармашылық жұмыс істеуге белсенділігін күшейту қажет.

Оқыту барысында оқушылар шығармашылық ізденіспен жұмыс жасаса, ұлттық тәрбиені, әдемілікке



деген көзқарасты қалыптастырып, ұлттық салт-дәстүрлерімізбен қолөнерімізді бір-бірімен байланыстыра отырып жан дүниесін байытар сөзсіз.

Технология сабағында халқымыздың қолөнеріне үйрету арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрде тәрбие берудің артықшылығы көп. Қолөнерге баулу, шығармашылықпен ұштастырып білім беру, еңбек етуге баулу мен қатар ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заман талабы. Қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек, қайталанбас ерекшеліктер-

ге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ оқушы іскерлікпен шығармашылыққа кіріседі.

Осындай дарындылық пен шығармашылық қабілетін бойына сіңіре білген талантты шәкіртіміз Түркістан облысы, Кентау қаласы, Тұрар Рысқұлов атындағы № 24 жалпы білім беретін мектебінің 2 «В» сынып оқушысы Қосан Дарын. Ол Көкшетау қаласында өткізілген «Технология және өнер» секциясы бойынша «Гипстен жасалған бұйымдар» тақырыбында ғылыми жобасын қорғап, таяуда «Зерде» Республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық конкурсының жеңімпазы атанып, I дәрежелі дип-

ломмен марапатталды. Ол өзінің зерттеуінде гипс тек пайдалы қазбалар және құрылыс материалдары ғана емес, балалардың шығармашылығы мен адамдардың өмірінде кеңінен қолдануға арналған қызықты материал екендігіне көз жеткізді.

«Менің жетекшіммен бірге жасаған ерекше бұйымдарым тек сән үшін емес, үйіңізге жылулық пен әсемдік сыйлау үшін жасалады. Мен гипстен алтын балық, мысық, қоян, жинақ сандықшаларды, кәдесыйларды, 42 әріптер мен әртүрлі математикалық пішіндерді және де ұлттық аспаптар қобызды, домбыраны жасап үйрендім. Әрбір өнімім қолмен жасалған, сүйіспеншілікпен өңделген ерекше туындылар деп айтар едім – дейді жас өнерпаз.

Шәкіртімің болашақта қазіргі трендте болып жатқан тойбастар, кәдесый, сыйлықтар және де үй интерьерлердің басқа түрлерін жасауды кәсіп етіп, келешекте табыс көзіне айналдыру ғана емес ұлттық өнерге өз үлесімді қосамын деген ойы бар. Бұл өнердің өзегі – дарын мен шабыт екендігі белгілі, сондықтан өнер- адамның рухани дамуы, адамның шығармашылық әлеуетінің толық ашылуын қамтамасыз етеді.

Ақтолық ШОМАНОВА,
Т.Рысқұлов атындағы № 24
жалпы білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Түркістан облысы,
Кентау қаласы

Әр адам бір-бір әлем деп жатамыз. Расында да солай. Өмір жолыңызда ұшырасқан, дәмдес-түздас болған, өз ғұмырыңызға ықпал еткен нағыз еңбек адамдары туралы ойласаңыз, саналуан тағдыр иелері көз алдыңыздан өтпей ме. Сонда түпсіз телегей-теңіз әлеміне сүңгігендей немесе бір сәт шексіз көк кеңістігіне қанат қаққандай күй кешпейсіз бе...

Әскер қатарына аттанардан біраз бұрын бос жүріңкіреп қалған кезең еді. Желдібай досымыз екеуіміз қалың шаш желкеден түсіп, шалбардың балағы далақтап, көшеде салып-ұрып келе жатқанда алдымыздан кесе-көлденеңдеп бір «Зил-130» көлігі тоқтай қалды. Самосвал. Шопырын танимыз. Василий Мелеко дейді жұрт... Үлкен кісі...

Машинаның жолаушылар отыратын жағынан шолақ пәлтесінің етегі елбең етіп Ермек ағам түсті. Досбергенов. Басында ескілеу ақ бөйке қалпағы бар. Маған ру жағынан, шөберелес деуге келетіндей, өте жақын адам. Ақшатау комбинатындағы Жөндеу-құрылыс басқармасы бас директорының орынбасары. Қырықтар шамасында. Толықша денелі, бидай өңді, келбетті кісі. Жанары жарқырап, жүзі нұрланып тұрады. Кезінде Комсомол комитетінің секретары... керемет футболшы болған жан. Қазақ пен орыс іштартып «Дос» деп атайды. Өткір қалжыңы бар, қажет тұста, көкейдегі ойын күлбілтелемей тіке айтатын шалт мінезі де жоқ емес.

— Әй, далақбайлар, қайдан келесіңдер?! — деді ұсынған қолымызды саусақ ұшымен селкос алып тұрып.

Күмілжіміз:

— Жүрміз ғой жай...

— «Жай жүргенді» доғарыңдар! Давай, танертең сағат сегіз-де маған келіңдер! Түсіндіңдер ме?!

Машинаға қайта мініп жатып үлкен көздерін алайта, ажырайта қарады. Одан сұқ саусағын безеген. «Айтқан уақыттан кешіккендер оңбайсыңдар!» дегені болу керек.

Қысқасы, ертеңіне жұмысқа кірістік.

Тірлігімізді сырттан байқап жүріп, босқа сенделгенше шешелеріне де, өздеріне де пайдасы тисін деп шешкендей. (Желдібай екеуіміз де әкеден ерте айырылыппыз). Сөйтіп «Ағаш шеберінің шәкірті» («Ученик плотника») деген «лауазымға» ие болып шыға келдік. Жүз жиырма сом айлықпен...

Өз басым балташылыққа ертеден-ақ икемдімін. Үлкен әкем ұста болғандықтан шығар, қола мен балғаға бала жастан үйренгенмін. Тіпті, алтыншы класта оқып жүргенде ауладағы жаздық ас үйді ағаштан өзін салып шыққанмын. (Рас, негізгі қаңқасын ағаларым құрастырып берген). Дегенмен, кәнігі кәсібиліктің қыр-сырын өмір бойы алып құрылыстарда шыңдалған Антон Пилис, Василий Марчук, Григорий Кооп деген мамандардың қасында жүріп білдік. Әсіресе, Антон Николаевич істің хас шебері-ді. Құрал-сайманының өзі керемет. Балтасының өткірлігі сонша, қарындашты да сонымен ұштайтынбыз...

Ұлты поляк. Алпысты ал-қымдаған адам.

Бұ кісінің жеке адамгершілік өнегесі де мол. Мысалы, темекіге әуестенгенімді аңдағанда:

— Ой, темекіні неғыласың... Сасытып... Одан да анда-санда мен секілді аздап таза шарап іш. Және ертеңгі күні шылымды қою оңайға түспейді. Ол үшін кәдімгі соғыстағыдай зор ерік-жігер, үлкен ерлік қажет. Қиналуға тура келеді, — деп ескертті.

Қатардағы жұмысшы адамның сырбаздығы, парасаттылығы тамсantатын. Орташа ғана айлықпен-ақ жеткілікті, жарасымды деңгейде күн кешуді осы кісілерден үйренуге болар еді. Ұсынақтылықтың, қанағатшылдықтың арқасы шығар. Салауатты өмір салтын да Антон Николаевичтен байқадық. Демалыс күндері аксия күліп, не-

цехтың «Газ-51» автомашинасымен келдік. Басшыларымыздың ұйғаруы бойынша, Танат аға осы көлікпен қайтады да, біз сағат түскі төртте бері қарай қозғалатын автобуска үлгеріп мінуіміз керек деп келістік.

Тапсырманы тенертең ерте шығып, базаға жеткен соң түске дейін-ақ апыр-топыр қылып, орындап тастағанбыз. Қоймадағы жемді жүзшақты қапқа салып, аузын буып, мәшине қорабына мұқият қаттап тиеу аса қиынға соққан жоқ.

База асханасына түскі тамаққа кіргенімізде Тәкең асқа қоса бір жартылық шарап алды. Дауысы шәңкілдеңкіреп шығатын кісі:

— Әй, мынадан көресіңдер ме ептеп? Шаршаған шығар-

наған, расында, ептеп шарап ішіп көрейік!

— Мейлі...

Жолшыбай бүйірдегі азық-түлік дүкеніне соғып, екі шөлмек шарап пен «тістемеге» қатқан балық па, бірдене алған сияқтымыз.

Поселкенің сыртына шығып, жол жиегіндегі биік бетон қалканың тасасына жайғасып, «бұйырған дәмді» ортаға алдық.

Зорға деп бір шөлмекті ғана орталаппыз. Отырған жерімізде ұйықтап қалған екенбіз, ұйпатұйпа болып, көзіміз қызарып оянсақ, кеш батып қалыпты. Әйтеуір, күн жылы.

Дегенмен, далада қалып қоятын қауіп төнді.

Әлден мезгілде қайтерімізді білмей аңырып тұрғанда, ана-

дым. Және жолайрыққа жетсек те арман жоқ. Әрі қарай екі-ақ шақырым жер...

Жүйткіп, жетіп келгенімізді де андайла қалыппыз.

— Ал, жігіттер, міне, келіп те қалдық, — деді таксист те көңілдене тіл қатып.

Балқаштан Ақадыр станциясына біреуді алып келіп, енді қайта қайтқан ол да, тәрізі, аяқ астынан басқа жолаушы кездескеніне қуанғандай.

Одан оң қолын созып, бас бармағы мен сұқ саусағын үйкеледі. Жолақысын сұраған белгісі.

Желдібай да елпілдеп, бірінен кейін бірін созып, екі сарықұлақты ұстата берді.

— Бұл не?! — деді аңтарылған жүргізуші өңі бұзылып.

— Акша!

— Осы ғана ма? Қалғаны қайда?!

— Басқа жоқ!..

Сөйтсем, Жекенде екі-ақ сом қалған екен де. Оны шопыр да түсінген секілді. Түтіге ашуланған:

— Кәне, кетіндер! Құртыңдар көздерінді!

Түсе каштық...

Бір күні Ермек ағам маған сыйақы жазды. Комбинаттың көркемөнерпаздар оркестріне қатысып жүруші едім. Домбырашымын.

Басында оған қатыса да қояйын дегем. Бір күні Мәскеу консерваториясын бітірген атақты күйші Қуанышбек Сәтбек ағамыз үйге өзі іздеп келіпті.

— Әй, біз үлкен оркестр құрғалы жатырмыз, сен соған қатыс, — деп.

— Ойбай, аға, мен бір-екі-ақ күй білемін. Оның өзі шалапұла.

— Әй, оған бола уайымдама. Өзіміз үйретіп шығарамыз...

Сөйтіп бастағанмын. О кездегідей киім үлгісі қазір де жоқ шығар. Құндыз бөрік. Қоңыр велюрден тіккен шолақ жең бешпет. Өңірінде кара жібекпен кестелген оюы бар... Жырық балақ шалбары да сондай. Жағасы талыстай қанқызыл атлас жейде. Комбинат өте бай, тапсырысты Алматының өзіне берсе керек.

Үлкен Мәдениет үйіндегі кезекті концертімізді кездейсоқ көріп қалған Ермек ағамды осы жағдай қайран қалдырған сияқты. Ертеңіне жұмысқа келген бойда шақырып алды:

— Өй, сенің осындай да өнерің бар екен ғой?!

— Иә, бар ғой аздаған...

— Молодец! Мен саған цехтың атын шығарғаның үшін «премия» жазайын, — деді. — Елу сом... Бірақ жиырма бес сомын маған бересің... Жарай ма!

— Жарайды.

— Ешкімге айтушы болма. Тіпті, шешене де тіс жарма!

— Жо... Айппаймын...

Шынында, нем бар айтып. Көктен түскен жиырма бес сом қалтамда қалатын болса...

Сонау бейнелер қазір аса бір жарқын кәйіпте еске түседі. Талай нәрісеге үйретіпті. Еңбексүйгіштікке, шеберлікке тәрбиелепті. Қым-қуыт өмірдің қиындықтарын жеңуге дағдыландырыпты.

Қазір ойласам, әлгі кезендер қарындашты ғана емес, ойды... қиялды да ұштауға баулыған екен ғой.

Құлан САҒАТҰЛЫ,
жазушы

ҚАРЫНДАШТЫҢ ҰШЫ

мерелерімен тау бөктерлерінде жүргенін немесе буы бұрқырап орталық монша үйінен шығып келе жатқанын көресің. Тірнектеп жиған-тергенін жаз айларында Қырым секілді курорттық орындарға да жеткізетінін аңғарушы едік...

Неміс Григорий Кооптің де кәсіптік деңгейі осал емес-ті. Бірақ бұ кісіде арсын-гүрсіндік, алаңғаралық басым. Кейде күлкі келтіретін күйгелектігі де жеткілікті.

Бірде маған әлденені шегелесем де, ұстазыма ұзын тақтайдың шетін ұстасам да... жұмыс қолғабын шешпейтін әдет пайда болды. Жұмсақ, ыңғайлы секілді. Бұл дағдым жетекшімнің жүйкесіне тиеді.

— Өй, сен, осы, әжетханаға барсаң қолғабыңды шешпейтін шығарсың?! — деп ашуланады.

Оған қасымыздағы сылақшы әйелдер:

— Дұрыс мұныкі! Бұл сен секілді кәртәміш емес. Жас адам. Болашағы алда. Бұған амандық керек! — деп күледі.

Кооп дәрмені бітіп, түнілген кәйіпте қолын сілтеп:

— Тфу-у! Дауа жоқ сендерге! Сендейлермен адам деп сөйлесіп тұрған өзім де ақымақпын, — дейді.

Ерекең жұмысқа жаңа түскен екі досты арасында құрылыстан өзге де шаруаларға жұмсайтын. Бір күні Желдібай екеуіміз Танат Мақашев деген әкемізбен бірге Ақадыр стансасына аттандық. Сондағы тасымал базасынан бір машина құрама жем тиеп әкелуіміз керек екен. Цехтағы жұмысшыларға қосымша көмек ретінде берілетін нәрсе...

Әрқайсымызға бес-алты сомнан іссапар ақысын бөлген сияқты. Ол ақша — Тәкеңнің қалтасында. Бұ кісі де ағаш шеберлерінің бірі. Жас кезінде әлдеқалай мертіккен секілді. Бір аяғын шойнандап басады. Керемет ақкөңіл адам. Өзінің он төрт перзенті бар екен. Үлкен ұлы бізден де ересек, сонда да бізді ешбір баласынбай, әрдайым тең дәрежеде сөйлеседі...

Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті лирик ақын, драматург, сазгер Исраил Сапарбай өмірден өтті. Қаралы хабарды Қазақста Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, танымал ақын Қасымхан Бегманов жеткізді. «Жұма күні таңғы сағат төрт шама-сында 85 жасына қараған шағында Қазақстанның халық жазушысы, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, аса көрнекті ұлт ақыны, белгілі драматург, талантты сазгер Исраил Сапарбай ағамыз дүниеден өтті. Иә, сағат тілі қасиетті жұмаға қарай ауғанда ақынның соңғы демі үзілді, – де жазды ол әлеуметтік желі парақшасында. – Ұлы ақынның Қаскелеңдегі қара шаңырағында, бала-шағасының алдында ауыр науқастан қайтқаны жайлы хабарды маған ағамыздың ұлы Нұрлан Исраилұлы бауырым хабарлады. Биыл қазақ әдебиетінің алыптары, кезінде інілері болып соңынан ерген асыл ағаларым – Дулат Исабеков (20.12.1942 – 21.02.2025), Темірхан Медетбек (06.05.1945 – 10.05.2025), енді міне, Исраил Сапарбай (15.05.1941 – 18.07.2025) бірінен соң бірі өмірден өткені менің жаныма қатты батып, жүрегім ауырып отыр. Алапат қайғы санама енді ғана жеткендей күй кешіп отырмын. Сол Кеңсайға, алыптардың қасына енді Исраил ағам да кетіп бара жатыр. Аса көрнекті лирик ақын Исраил Сапарбайдың артында қаншама әндері, лағылдай, мөлдіреген жақұттай поэзиясы, мәңгі өлмес сырлы, мұңлы жырлары қалды. Жазған пьесалары М.Әуезов театрынан бастап еліміздің бірнеше театрларында сахналанып, отты жырлары өз оқырмандарын тауып, әсем әндері миллиондардың жүрегіне жетіп, қазақ аспанында қалықтап тұр. Жаныңыз жәннатта болсын, асыл аға, жан аға, Исраил көкем менің»...

ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ҚАС ЖҮЙІРІГІ ЕДІ...

Қазақ әдебиетінің тағы бір тарла-ны, аса көрнекті ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Исраил Сапарбай ағамыз да өмірден өтіпті...

Биылғы жыл ауыр жыл болды. Қа-зақ әдебиетінің классиктері Мұқтар Мағауин, Дулат Исабеков, Темірхан Медетбек, ғұлама ғалым Мекемтас Мырзахметұлы, енді міне Исраил Са-парбай келмес сапарға аттанып кетті... Әр жылдары туған ағаларымыз келісіп алғандай, араларына екі-үш ай салып, бір жылда кетіп отыр...

Өткен айда ауырып жатқан Исраил ағаның көңілін сұрап барған белгілі қайраткер Ислам Әбіштен ағамыздың кеселі қатты екенін естіген соң, ақын шығармашылығын қатты құрмет-тейтін Азат Перуашев інісі екеуміз ауруханаға барып, халін сұрап шыққан едік. Әлсіреп, төсек тартып жатқан ағамызды көріп, көңіліміз жабыркап қалған еді.

“Уайымдамаңыз, Алла шипасын беріп, әлі жақсы болып кетесіз” — дегенде, қолымызды қысып: «Оған күмән жоқ» деген еді өмірге деген құштарлығы зор қайран ақын...

Ағамызды емдеп, күтіп жүрген қа-зақ келіншек:

— Ағамыз маған «мен әлі жазылып кетіп, саған да өлең арнаймын» деген-де қатты қуанып қалдым, — деді күліп. Бірақ көзінде мұң тұрғаны байқалып қалды...

Махаббат жыршысының ажалмен арпалысып жатса да, рухының мықты-лығынын айғағындай еді бұл.

Сол кезде қоштасып кеткендей болған екенбіз ғой...

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев көр-некті ақын, Қазақстанның халық жазушысы Исраил Сапарбайдың дү-ниеден өтуіне байланысты отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

— Исраил Сапарбай ғибратты ғұ-мырын киелі сөз өнеріне арнаған, төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосқан дарынды қаламгер еді.

Ұлттық поэзия мен драматургияда өзіндік қолтанбасын қалдырып, нағыз шығармашыл тұлға ретінде өнімді еңбек етті.

Қалың оқырман өміршең туынды-ларымен қатар ұлтжанды азаматтығын жоғары бағалады.

Соңына бай әдеби-мәдени мұра қалдырған Исраил Сапарбайдың жар-қын бейнесі мен есімі ұмытылмайды, — деп жазды.

ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасы Ерлан Қошанов та Исраил Сапар-байдың дүниеден өтуіне байланысты «Ақын ағамыз сөз өнерін биікке кө-

терген қарымды қаламгер, дарынды драматург, қалың қазаққа кең танымал тұлға болатын. Оның сыршыл өлең-дері, жүректен шыққан, бірнеше буын оқырманның жүрегіне жол тапқан жырлары қазақ поэзиясының рухани қазынасына, драмалық туындылары сахна сәніне айналды, —деп, ақын шы-ғармашылығын жоғары бағалап, көңіл айту жеделхатын жолдады.

Ақынның қазақ поэзиясының асыл қазынасына қосылған «Аққу арман», «Бармақтай бақ», «Махаббат пен Ға-дауат» секілді көптеген жыр кітаптары оқырманға жақсы белгілі.

Исраил Сапарбай 70-ке тарта ән-дер мен 150-ге тарта ән мәтіндерінің авторы. «Ауылдан келген ару», «Әмір-Темір», «Абай-Тоғжан», «Сыған сере-надасы», «Махаббат мейрамы» пьеса-лары театр сахнасында қойылып жүр.

Өткен ғасырдың сексенінші жыл-дары Исраил Сапарбайдың «Сағыныш сазы» әні жастардың махаббат гимні секілді керемет туынды болды.

Бұл әнді ең алғаш Шымкенттің Әл Фараби атындағы мәдениет институты-ның «Достық» ансамблі орындаған еді. Кейін белгілі әншілер орындап жүрді.

Қазір интернетте жүрген видеода басқа әншілердің, Майра Есенғалиева мен Жантемір Абдрахимов екеуінің ерекше әдемі шырқауы жүр.

«Мен қазақ қыздарына қайран қа-лам» әні қазақ қыздарына әннен қо-йылған ескерткіш болды. Ал белгілі композитор Бауыржан Тұрғараның «Махаббат — мәңгі ертегі» әніне жазған Исраил ағаның өлеңі де ел аузынан түс-пей шырқалып келе жатқан шырайлы туынды.

Исраил аға «Ақ жол» партиясы құ-рылған кезден мүшесі еді, Ақсақалдар алқасы төрағасы болды. Біздің ұлттық мүддені қорғап жазған мақалаларымыз-ға, депутаттық сауалдарымызға үнемі қолдау білдіріп отырды. Өзі де ұлттық рухани мәселелерді қозғап жазып жү-ретін.

«Ел оқитын санаулы басылымның басында «ҚАЗАҚ ҮНІ» тұр» — деп, га-зетімізге де тілеулес болып жүрді.

2020 жылы «Ақ жол» партиясы ұйымдастырған Қазақтың ұлы ақыны, данышпан хакімі Абай Құнанбайұ-лының 175 жылдығына және ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 100 жыл-дығына арналған «АБАЙ АРМАНЫ — ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІ» атты ха-лықаралық мүшәйрада жүзден жүйрік атанып, бас бәйгені иеленген еді.

Өткен ғасырдың 80-інші жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінде Исраил ағамыз менің өлеңдеріме алғаш жақсы

баға берген еді. Кейін де өзінің жоғары бағасын беріп, мақала жазды.

Екі жыл бұрын Abai TV арнасында белгілі жазушы Жүсіпбек Қорғасбек жүргізетін «Үркер» бағдарламасында Исекеңнің поэзиясы талқыланған-да белгілі саясаткер Әлихан Бәймен екеуміз қатысып, ақын ағамыздың мар-жан жырлары туралы өз ойларымызды білдірген едік.

Исраил мен Дулат ағаларымызға екі-үш жыл бұрын жан жарларынан айрылу ауыр тиді.

Сексеннің сенгіріне шыққанда қан-шама жыл бірге өмір сүріп, тірліктің бар-лық қызығын да, шыжығын да бірге көр-ген, еркін шығармашылық дәурен сүруге бар жағдайын жасаған өмірсеріктерінен айрылу - өмірдің ауыр сынағы болды.

Жаны жайсаң Жұпар жеңгеміз де, Нұрғайша жеңгей де, Ақынға, Жазу-шыға жар бола білудің жарқын үлгісін көрсетіп кетті. Шайырдың шабытына тұсау салмай, қаламгердің қанатын кенге жайып, қияға еркін самғауына бар жағдайын жасап, бабын тапқан, мейірлі ақ жүзіне ақшуақ үйірілген ақ-пейіл жандар еді...

Ақынға аяулы жар бола білген Жұ-пар жеңгеміз жыр жүйірігі Исраил аға-мыздың ел жатқа білетін, халық қазы-насына айналып кеткен талай маржан жырлары мен әсем әндері дүниеге келуіне себепкер болып, шабыт отын тұтата білді. Исраил аға «Ақын жары» атты өлеңінде барлық сырын, мұның ақтары берген еді...

Енді міне, ақын ағамыздың өзі де асыл жарының артынан іздеп кетті ... Алла алдынан жарылқасын! Пейіште рухы шалқи бергей! Араласып, бірге жүрген, ағалық ала-қандарын, қамқорлықтарын сезінген ағалардан айрылу ауыр қайғы. Дулат ағамыз бен Темірхан ағаларымыз қайт-қанда, шығарып салудың басы-қасында болып, шапқылап жүріп едік. Исраил ағамызбен қоштасуда шетелде ісса-парда болуыма орай бола алмағаным өкінішті...

Қазақ поэзиясының дүлдүлі, иірімі терең интимдік лириканың қас шебері Исраил Сапарбай Қазақ жырымен бірге жасай береді!

Жырсүйер қалың қазаққа көңіл айтамыз!

Отбасы мен туған-туыстарының, балаларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз!

Иманы саламат болсын!

Қазыбек ИСА, ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

ЖЕДЕЛХАТ

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНА АЙНАЛҒАН АҚЫН

Ұлттық әдебиетіміздің көрнекті өкілі, Қазақ-станның халық жазушысы, белгілі ақын Исраил Сапарбайдың өмірден озғаны туралы суыт хабар баршамыздың қабырғамызды қайыстырды.

Ақын ағамыз сөз өнерін биікке көтерген қарымды қаламгер, дарынды драматург, қалың қазаққа кең танымал тұлға болатын. Оның сыршыл өлеңдері, жү-ректен шыққан, бірнеше буын оқырманның жүрегіне жол тапқан жырлары қазақ поэзиясының рухани-қазынасына, драмалық туындылары сахна сәніне айналды. Артына мол шығармашылық мұра, өзіндік айшықты қолтанба қалдырған абзал ағаның жарқын бейнесі жұртшылықтың жүрегі мен жадында әрдайым сақталары анық.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғы-рып көңіл айтамын.

Ерлан ҚОШАНОВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы

СЕЗІМТАЛДЫҚ, СЕРГЕКТІКТІҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

Тыңдағанда көңіл қылын шертетін, тұла бойынды шымырлататын лириктер шоғырында жұлдызы жарқырап тұрар Исраил Сапарбай дүние салды. Махаббат жыршысы ғұмырының соңына дейін жігіт, ер, яғни, Еуропа тілімен айтқанда джентльмен болып өтті. Ол нәзік жан-дыларға ерекше ізетін, жылы жүрегін, мейірімін ғана емес, ақындық ақылын, ермінезділігін, өмірге ғашықтығын, сезімталдығын, серілігін, сергектігін, қарапайымдылығын, қайырымдылы-ғын өмірде көрсете білді.

Мұндай қасиеттері болмаса, еңбек жолында журналшылық, дипломатиялық, жазушылық, өзге де жауапты қызметтерде бағын сынау ба-қыты оған бұйырмас та еді. Кезінде партия мек-тебінде тәлім алып, кезегінде жана дәуірдің пар-тия құрылысы ісіне араласа жүріп, бар талантын халқына арнауы көпке үлгі боларлық өнеге. Оның туындылары елге тез тарады, танымал үздіктердің қатарына енді. Нағыз хитке айналған әндердің атауларының өзі айтып тұрғандай емес пе?

«Сағыныш сазы», «Махаббат мәңгі ертегі», «Егіз лебіз», «Бір тамшы көздің жасындай», «Сағындым сені», «Қоштасудың қиыны-ай», «А-лақанымнан ұшқан аққуым», «Сен болмасаң», «Жұлдызым», өзге де көптеген әндері әуенімен, сазымен, сөзімен ғана емес, орындаушыларымен есте қалды.

Әнге мәтін жазуға талпынып, ақыл сұраға-нымызда бәлсінбей, білгенімен бөлісті. Қаншама қазаққа мәтін жазу әліппесін үйреткенін айтып кеудесін қақпады, мақтанбады. Ол — кез келген адамның сезімін, сенімін сыйлай білді. Иә, жақсы ән жақсы адамдарға күш-қуат сыйлайды, жүрегіне от беріп, қанат қақтырады.

Бір өлеңінде ақын: Сыйынарым, сүйінерім — бір Алла! Тылсым бар-ау, Бір сыр бар-ау, сірә, онда?.. Шоқ-шоқ болып өспейді ғой шынар да! Топ-топ болып ұшпайды ғой қыран да! — деп жазған еді.

Шындығында, елімізде жүздеген әнге мәтін жазған ақындар көп емес. Әні бар кезде қазақтың рухын ешкім жыға алмайды. Халқымыз аман тұр-ғанда өлмейтін ән қалдырған Исраил аға САПАР-БАЙДЫҢ аты да өшпейді. Алла разы болсын!

Дархан МЫҢБАЙ, мемлекет қайраткері

АСПАНЫНДА ҚАЛЫҚТАП ТҰР

ЖАҢА ЗАМАНЫҢ САЛ-СЕРІСІ БОЛАТЫН


Егер Исраил Сапарбай сонау он тоғызыншы ғасырда туған болса Ақан сері, Біржан салдар тәрізді аңыз тұлғаға айналар еді. Өйткені кино-театры, радио-тв жоқ ол заманда сауықшыл халықтың өзі акын, өзі сазгер, өзі әншіл бұндай бардтарға деген сұранысы сұрапыл болды. Тұла бойы тұнған өнер бұндай тұлғаларды халық аяғын жерге тигізбей қолдан-қолға көтеріп алып кететін. Исраил болса шоу-бизнестен шаршаған біздің ғасырда туса да бұ өнер майданынан өз үлесін ала білген бард болды. Осыған шүкір етсек керек.

Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның Халық жазушысы

ӨЗІНІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ӨЗ ӘЛЕМІ БАР-ДЫ...

Жаны жұмбақ, көңілі ақ, мінезі ашық, ұстанымы берік, мұраты биік, аңсары өлең, аңсаты сұлу саз, арманы асқақ Исраил ақынның ғажайып өз әлемі бар еді. Ол қазағым, ұлтым, халқым, қалың кара орманым деп ғұмыр кешті. Ол кеудесін кермеген, намысын бермеген, өзекжарды ойларын сұлу өлеңмен зерлеген, әсем сазбен тербеген Өнер Иесі еді! Өмірде қарапайым, адами қарым-қатынаста ізетті, үлкенге де, кішіге де сыйлы Азамат еді! Ұлтшыл еді! Жанартауы сөнбейтін, жырларымен жүрек дертін емдейтін Ақын еді! Амал қанша, фәниден бақиға озды... Бақұл болыңыз, Аға!

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
ақын, Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты



МӘҢГІ ӨМІРІ БАСТАЛДЫ

Өмір қиын кішіпейіл данаға,
Өлеңімен ой салатын санаға.
Сыршыл, нәзік жырларыңыз секілді,
Мінезіңіз қыздай еді, жан аға!

Ескереміз шаққандықтан бүргені,
Қорқынышты иттің зілмен үргені.
Еленбейді үндемейтін жақсы адам,
Кінәсі оның өлмей тірі жүргені.

Өзгелерді ойлап, қолдап демедің,
Сыбағамнан қалып қойдым демедің.
Көрген кезде:
— Аға, сізді біз әлі,
Өлгеннен соң мойындаймыз, — деп едім.

Түрім еді, әзіліммен жұбатқан,
Өтпей қалған кезіңізде сынақтан.
Енді, міне, мәңгі өміріңіз басталды,
Орын берсін Алла сізге жұмақтан!

Нұртас ИСАБАЕВ,
ақын, Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты

КӨЗ АЛДЫМДА БҮТІН БІР ДӘУІР КӨШТІ...

Биыл. Аз уақытта. Тұтас дәуір көшті. Бір кезеннің адамдары, тентұс болған соң ол заңдылық та шығар. Олар алыптар дәуірін қалыптастыра алды. Мұхтар, Дулат, Мекемтас, Әкім, Темірхан ағалардың қатарына Исраил аға да қосылды. Бәлкім, арғы дүниеде де олар бірін-бірі толықтыру үшін күдіретті күштен осындай «пәрмен» болған шығар... «Аға, осы рас па? Шәмшінің бір кезде таборға ілесіп кеткені рас болғаны ма? Күні ертең басамызға бәле болмай ма бұл?» — деп сұрадым әйгілі «Сыған серенадасының» авторынан. «Бекжан, менің басым екеу емес қой».

Исраил ағамның жауабы осы болды. Аңызға бергісіз оқиғаның өтірік-шынына бас қатырып қайтеміз, бастысы — көрерменнің жалықпай көретін сүйікті қойылымына айналғаны. Поэзияда лирикалық образдар мен сырлы туындылар арқылы ерекше із қалдырған Исраил аға ұлы әдебиетіміздің кең тынысын ашып, жүректі тебірткен сырлы сөздің ғана емес, лирикалық әндердің де авторы еді. Оның суырылып шығатын нәзік сезімді лирикасы көпшілікке өзін қайта табуға сеп болды. Әр өлеңі — жүректің үні, әр сөзі халықтың сыры еді. Өзінің кештері болатын кезде айтатын, арнайы шақыратын. Қашанда жұп-жұмсақ қалпымен ән айтып кетуімді өтінетін. Гастрольде болсам, бармай қалған кезім жоқ екен. Көңілге осы да жұбаныш... Жаратқанның сызығынан ешкім аттап кетпейді. Қолымнан келер күдірет болса, игі жақсылардың тез арада қазақты бірінен кейін бірі тастап кетпегенін, аялдай тұрғанын, арамызда жүре беретіндей етер едім ғой. Амалым қанша? Біз бар болғаны пендеміз. Сізді ақырғы сапарға шығарып салып, жүрегімізде асқақ сезімдер мен мәңгілік мұра қалды. Қош, аға...

Бекжан ТҰРЫС,
актер, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері

ТЕРЕҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ КӨЗГЕ ҰРЫП ТҰРАТЫН

Лирикалық жырлары мен әндері арқылы жастайымыздан атына қанық болған ақынмен тоқсаныншы жылдардың ортасында танысып, ширек ғасырдай аға мен іні, армандас азаматтар ретінде сыйласа, сырласа сұхбаттасқан әр сәтте Исраил аға әлемінің алуан бояулы, қатпар мазмұнды, сезім мен сана бірде қанаттасып, бірде қайшылыққа түсетін тұңғық екені сезілетін.

Өмірде де әдебиетте де үзегілес інісі болған лириканың тағы бір ғажап өкілі Ибрагим Исаев екеуімен бірге болған сәттерде олардың ұқсастықтарымен қатар ерекшеліктері де айшықталушы еді.

Өмірден ерте кеткен Ибрагим аға тұла бойы елжіреген таза лирика болатын. Өзінен үлкен Исраил аға, Құман аға Тас-танбеков, Кенес аға Дүйсекеевтерге інілік ерекше ізетпен, інілерге шуағын шашар жылылықпен лебізін білдіргенде, еріп кетердей елжірегенде тұлғалық болмысы да тұнған сезім, лирика екені көрінетін.

Ал елжіреген жүрегімен егіз емендей берік дінгегі, нәзік сезіммен арпалысқан терең дүниетанымы тарихи құбылыстарға да, ағымдық үдерістерге де берген бағасынан көзге ұрып тұратын Исраил

ағамның кейбір сәттерде салқынқанды ой-шылдығы, тәуекелшіл қайраткерлігі нәзік лирикасынан басым тұратын.

Кезінде саяси экономикалық бағдарламамызға қысқа да нұсқа ат қою керек болғанда мәтінді оқысымен Исраил ағамның «Уәде бітпейді- уақыт күтпейді» деп бағдарлама мазмұны мен өзегін дөп басып таң қалдырғаны осының бір жарқын көрінісі еді.

Алматыда тұрғанымда реті келгенде қаламгер ағаларымызбен бильярд добын да домалататынбыз. Ибрагим, Исраил, Қажытай ағаларымыздың мергендігі бар еді.

Исраил ағамыздың ерекшелігі Кейкі мерген секілді ұзақ көздемей алатын. Ал кейде бір қолмен ғана ұрып дөп тигізетін. Ойындағы осы ерекшеліктері де күрделі тұлғасының сыртқы көрінісіндей еді.

Төрегелді Шарманов секілді Исраил ағамызбен қатынасымызда әзілдің де өзіндік орны болды. Екі ағамыз да жарасымды әзілдің жасампаз әлеуетін бағалай білетін. Екі жыл бұрын Жүсіпбек Қорғасбектің «Үркер» бағдарламасы Исраил Сапарбайдың шығармалығына арналып, ақын, қайраткер Қазыбек Исамен бір-

ге бағдарламаға қатысып шыққан соң бәріміз Төрегелді Шарманұлына сәлем беруге бардық. Сол жерде де әдеттегідей терең тақырыптармен бірге әзілге де кезек беріп жақсы отырыс болған еді.

Сол мәслихат жақсы ағаларымның бір бірімен соңғы кездесуі болған екен. Былтыр Төкен мәңгілік сапарына аттанғанда мен Тбилисиде едім. Қайғылы хабар жетімен ұшаққа билет табылып, топырақ салуға үлгердім. Жолай Исраил ағаға да хабарлағанымда өзі де науқастанып жүрген ағамыз телефонмен көңіл айтқан еді.

Содан кейін менің бір сұхбатымды көрген соң телефон соғып, ризашылығын білдірді. Енді міне екі күн интернеті жоқ жерде жүргенімде Исраил аға да мәңгілік сапарына аттанды.

Өзінің тұңғық та ғажап әлемін қалыптастырып, адамзаттың ұлы көшінде өшпес із қалдырған жақсы ағамыз сағына, қамыға еске аламыз.

Жаны жәннатта, иманы саламат болсын!

Әлихан БӘЙМЕН,
саясаткер, мемлекет қайраткері

УКРАИНЕ – РАКЕТЫ, А АМЕРИКЕ – БЕСПОШЛИННЫЙ РЫНОК

А вот это уже очень серьезно. Полгода просили Москву не доводить до обострения... Думаю, не дожидаясь завтрашнего утра российская пропаганда снова начнет качать тему ядерного удара по Украине и западным столицам. В ход вновь пойдет так называемая «концепция Караганова».

УКРАИНЕ – РАКЕТЫ БОЛЬШОЙ ДАЛЬНОСТИ

В США, видимо, в ожидании любимого дитища Москвы последних лет - ассиметричного ответа - введут повышенный уровень террористической угрозы. В общем, шухер предстоит знатный.

Как сообщила 15 июля газета The Washington Post (WP) со ссылкой на источник в Белом доме, президент США Дональд Трамп рассматривает возможность

путем ударов не только по Москве, но и по Санкт-Петербургу.

Трамп 14 июля объявил, что США и Евросоюз договорились о поставках оружия Киеву. Предполагается, что Украина получит не только дополнительные системы ПВО Patriot и ракеты к ним, но и наступательные вооружения.

Источники издания Axios сообщали, что в новый пакет военной помощи Киеву могут войти ракеты большой дальности, способные достигать целей в глубине России.



передачи Украине крылатых ракет большой дальности Tomahawk (возможно, аналог наземной версии BGM-109G Gryphon ground-launched cruise missile; в начале 2020 года Корпус Морской пехоты США стал первым подразделением вооруженных сил США, который получил крылатые ракеты «Tomahawk» с наземным запуском; в 2023 году был произведен первый запуск ракеты «Tomahawk» из наземной пусковой установки).

Как выяснило издание, поставка Tomahawk, которые США использовали для ударов по Ирану, обсуждалась еще 11 июля.

Источник WP в Пентагоне также сообщил, что США, скорее всего, снимут ограничения, наложенные президентом Байденом по дальности применения ракет ATACMS, которые уже есть у Украины. Такой шаг позволит украинским военным использовать имеющиеся у них ракеты ATACMS на полную дальность - до 300 км.

Этого недостаточно, чтобы поразить цели в Москве или Санкт-Петербурге, но хватит, чтобы нанести удары по российским военным базам и аэродромам. Ракетами Tomahawk украинские военные могут достать до Москвы и Санкт-Петербурга.

WP утверждает, что Дональд Трамп во время разговора с президентом Украины Владимиром Зеленским на прошлой неделе поинтересовался, почему тот не нанесет удар по Москве. «Мы можем, если вы дадите нам оружие», - ответил ему Зеленский. После этого глава Белого дома отметил, что Украина должна усилить давление на президента РФ Владимира Путина

В США: НЕ КИТАЙСКИЕ ТОВАРЫ

Как говорится, перемены накапливаются долго, но происходят стремительно.

Всего лет пять назад американская либерал-глобалистская экономическая мысль билась в истерику от одного только предположения, что рынок США может начать процесс разединения с экономикой Китая. Мантра о том, что «Китай заменить никто и никогда не сможет» считалась аксиомой. Сейчас же очевидно, что аксиома эта была щедро заплачена из фондов китайской внешней разведки.

Приняв истерику либеральных экономистов к сведению, но рационально на нее наплевав, большинство сетевых гигантов американской торговли - от HomeDepot до Macy's - начали загодя готовиться к «прощанию» с Китаем, переориентируя деловые связи на другие страны, а также отечественных американских поставщиков.

Прозорливость и умение заранее понимать направление грядущего ветра глобальных перемен позволили сегодня Америке избежать инфляционного скачка из-за начала тарифной войны с Китаем. Китайское бароха оказалось не только вполне заменимым, но и не сильно востребованным. Напомню, что по результатам двух кварталов 2025 инфляция в США находится на самом низком уровне с февраля 2021 года.

В магазинах США теперь интересная практика - на прилавках специально пишут большими буквами, что это НЕ КИТАЙСКИЕ ТОВАРЫ, указывая страны-производители.



А я вчера купил домой «звон детства», если можно так выразиться. Чешский хрусталь и чешская посуда - настоящая роскошь в любом доме времён СССР. Мама берегла такие бокалы как зеницу ока.

На одной из вечеринок, устроенной у меня дома по случаю отъезда родителей в очередную экспедицию, милая одноклассница грохнула вдребезги всё мамино богатство. Вот же влетело мне... Но зато теперь в Америке я его восполнил. Мама будет довольна, она оценит. Да и жена оценила - НЕ китайское!

ВЬЕТНАМ И ИНДОНЕЗИЯ ДЛЯ США – БЕСПОШЛИННЫЙ РЫНОК

Вести с тарифного фронта: второй пошел, а кто не успел - тот опоздал.

Белый дом сообщает, что заключил торговую сделку со вторым ключевым партнёром из Юго-Восточной Азии.

Напомню, что первым был Вьетнам, с которым Соединенные Штаты заключили торговое со-



глашение, включающее 20%-ный тариф на товары импортируемые из этой страны Юго-Восточной Азии в США.

В свою очередь, согласно условиям сделки, США получили беспощинный доступ к рынку Вьетнама.

Вьетнам также согласился с тем, что на товары будет распространяться тарифная ставка в размере 40%, если они происходят из другой страны и передаются во Вьетнам для последующей отправки в Соединенные Штаты под подставным лейблом.

Этот процесс, известный как транзитная «перевалка», используется для обхода торговых барьеров. Сообщается, что Китай, являющийся до прошлого года ведущим экспортером в США, использовал Вьетнам в качестве перевалочного узла для получения доступа на ключевой для него американский рынок.

А на днях Белый дом сделал заявление, что достигнуто предварительное торговое соглашение с Индонезией, согласно которому будет установлен 19-процентный тариф США на импорт из этой страны Юго-Восточной Азии.

В свою очередь товары из США в Индонезии не будут облагаться пошлинами.

«Мы не будем платить никаких пошлин. Таким образом, они дают нам доступ в Индонезию, которого у нас никогда не было», - заявил Трамп журналистам возле Белого дома.

В последующем сообщении на Truth Social Трамп написал, что Индонезия «обязалась приобретать американские энергоносители на 15 миллиардов долларов, американскую сельскохозяйственную продукцию на 4,5 миллиарда долларов, а также купить 50 самолетов Boeing, многие из которых - 777» в рамках сделки.

Индонезийская авиакомпания Garuda недавно вела переговоры о покупке от 50 до 75 самолетов Boeing, сообщил ее генеральный директор в начале июля.

Если это произойдет, новая ставка пошлины на индонезийский импорт покажет, что Индонезия, заключив сделку до 1 августа, смогла избежать 32-процентного тарифа, который Трамп собирается ввести после объявленного дедлайна.

По данным Министерства торговли США, Индонезия входит в число 25 крупнейших торговых партнеров Америки: в 2024 году объем торговли между двумя странами товарами превысил 38 миллиардов долларов. Дефицит торгового баланса США с Индонезией в прошлом году составил \$17,9 млрд.



КИТАЙ ВЕДЁТ ВОЙНУ НА ВСЕХ ФРОНТАХ

Китайским товарам приходится штурмовать сегодня не только рынок США. В начале июля партнёр Китая по БРИКС Бразилия ввела пошлины на импорт электромобилей, в том числе и Made in China.

В первой половине 2025 года Бразилия импортировала из Китая более 62 000 электромобилей, что составило свыше 90% от общего объема импорта электромобилей. Китайские бренды, такие как BYD, стали доминировать на рынке электромобилей в Бразилии, воспользовавшись низкими тарифами. В итоге правительство Бразилии приняло решение повысить тарифы на импорт электромобилей и гибридных автомобилей до 30%. Чиновники

говорят, что этот шаг поможет местным автозаводам и сохранит рабочие места.

Удар нанесен по Пекину не в самый простой для него момент. На новый уровень эскалации выходит торговая война между Поднебесной и Европейским союзом. Ранее уже рассказывал об этом. За прошедшие дни ситуация лишь обострилась.

Bloomberg сообщает, что ЕС расширил ограничения для китайских компаний в сфере медоборудования - в ответ Китай ужесточил правила импорта тех же товаров. Параллельно вступили в силу пошлины Китая на европейский бренды, которые были запущены после ответных мер Брюсселя на китайский экспорт электромобилей.

Как отмечает Марк Жюльен, директор Центра азиатских исследований при французском Институте международных отношений (Ifri), торговая повестка между ЕС и КНР сегодня «скорее источник риска, чем возможностей».

По мнению Гжегожа Стеца из берлинского Mercator Institute,



ЕС и Китай всё чаще вступают в прямое столкновение интересов: Пекин нуждается в экспорте из-за перепроизводства, а ЕС пытается защитить собственную промышленную базу.

В Китае экономический рост замедляется, и давление на экспорт усиливается.

Фактор США также не способствует сближению. Хотя новая тарифная волна от Дональда Трампа могла бы подтолкнуть ЕС и Китай к альянсу, этого не произошло.

Саммит ЕС-Китай 24 июля в Пекине вряд ли принесёт прорывы. Встреча Си Цзиньпина с Урсулой фон дер Ляен ожидается «сложной и, скорее всего, безрезультатной», считают источники CNBC.

Нынешний виток торгового конфликта - это не просто обмен пошлинами, а столкновение экономических моделей. ЕС стремится к автономии и защите промышленности, Китай - к расширению экспорта и ослаблению внешнего давления. В отсутствие компромисса можно ожидать новые ответные меры и углубление разделения на экономические блоки.

Тимур СЕЙТМУРАТОВ

Мата түрі	Питт (актер)	Сан	Жол екінасы	Үз	...тебен	Атына арап	Әуен	Аспа ағаш
				Қашыра	Ахтиянов (жазушы)	Футбол бұйымы	Алма сорты	Шырай (сын.)
Уыл-дырық	Жеміс	Үлт-к бас кетім	Есінен шығарма			Ән-жар		Кіру (сын.)
		Босақа	Тауық (ән)	Атос, Пиртос, ...		Сүзгі	Сұрағы бар нәрсе	Грек құдайы
Жесірдің жүз күні	Үлгі гресс-мейстрі			Скрипкашы кыз	Сызып ұйқы-тұйқымен		Түссіз газ	
1000 метр				Жауық		Көрік (сын.)	Түйе	
... Цой				Жену (сын.)	Сырақат	Төсіп		
Автограф	Мүсіріс	Ислам астана-сы		... ма-лік, шароқ	... мүлік	Койлак қағаты	Улы бақа	Төгіт жеміс
		Туна ауылы	Ұшак марка-сы		Улттық тағам	... Ринг (кино-актер)	Белес	
Годия ... (актриса)	Қытай тілі					Директор		
	Тұс		Болтан жалғ	... Рид (баш)				
Банк алауы	Мұхаммед ...	Винчен ... (актриса)	Әріс	Алауд (сын.)	... мезгіл		Келін анасы	Көсір
Бөбекет	Ранет	Орма-тоо			Тынанша маркасы	Құрлас	Аса	Кіріс
Жол бастаушы		Вата ишекпей			Белес	Қысқы жауын	Ән жазуы	Токанба-е
		Байрақ		Өкше			Жаңа жыл сөн	
... Жа-фаров (боксері)	Бөксек	Қызық өлшем		... Же-сикаев (акын)		Боран		
Түркия				Нақ		Қарты (сын.)		

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Сот залында:

- Айыпталушы, сіз қылмысыңызды мойындайсыз ғой. Олай болса, соңғы сөзіңіз...

- Аға, біз олай келіспедік қой...

- «Қазақ байыса – қатын алады» деген сөз рас па?

- Жоқ-ей, о не дегенің! Қазақ қатын алған соң байиды: бір басы екеу болады, екі қолы төртеу болады; әке үстіне аталы болады, шеше үстіне енелі болады; өзінің жалақысына әйелінің «декреті» қосылады, оған қоса балдызының, құдашасының алдында міндеті болады – соның барлығы байлық емей, енді не?

Түн ортасында біреу тереземді қағып: «Отын керек пе?» – дейді. Қызық екен. Мен, әрине, күлдім де:

- Керек емес! – дедім.

Таңертең далаға шықсам, ауладағы отыным жоқ!

Спортшы-чемпион ауырып қалыпты. Дәрігер дене қызуын өлшепті:

- Отыз сегіз жарым.

- Доктор, дүниежүзілік рекорд қанша?

Студенттің әкесі:

- Профессор, менің ұлым ертеңгі емтиханнан өте алмайтын сияқты.

- Өтеді! Отыз мың теңгеге бәстесейік!

Базарда.

- Жылқыңыздың еті жұмсақ па?

- Бикеш, бұл жылқы емес, тауық.

- Мен бағасына қарап сұрап тұрмын.

Жолаушыларға лық толы автобус. Бір аялдамадан автобусқа мінген кемпір алдыңғы қатарда отырған жас жігіттің қасына келіп тұрады. Жас жігіт әлгі кемпірден:

- Апа, аяғыңыз ауырып тұр ма? – деп сұрапты.

- Иә, айналайын, аяғым сырқырап ауырып тұр.

- Апа, жас кезіңізде автобуста қарттарға орын беруші ме едіңіз?

- Иә, қарағым, үлкен кісінің автобусқа кіргенің көрсем, отырған жерімнен қарғып тұрып орын беретін едім.

- Е-е, жас кезіңізде қарттарға орынды көп бергендіктен ғой аяғыңыздың ауыратыны...



ҚАЙТА ҚАЙНАТЫЛҒАН ШАЙ ҚАУІПТІ МЕ?

Кеше түннен қалып қойған немесе қайта қайнатылған шай денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін. Дәрігерлер мұндай шайда зиян заттар жиналатынын, жылы орта бактериялар пайда болуына ықпал ететінін ескертті.

Суып қалған шай, әсіресе, дайындалғаннан кейін бір күн өткен соң ішкен сусын ағзаға айтарлықтай зиянын тигізуі мүмкін. Бұл туралы «Доктор Питер» басылымына берген сұхбатында терапевт, диетолог Елена Трускова айтты.

«Бұрын қайнатылған шай қауіпті болуы мүмкін. Бұл тарихтан да белгілі, Жапонияда кешеден қалған шайды улы затқа теңеген, оны «жылан шағудан да жаман» деп санаған. Ал қытайлықтар ұзақ уақыт бұрын қайнатылған және суып қалған шайды табиғи у деп санаған. Өйткені пайдалы заттардан бөлек шай құрамында зиян алкалоид гуанин бар, ол уақыт өте келе шай жапырақтарында жиналады», - деді дәрігер, диетолог Елена Трускова.

Еске салайық, бұған дейін танымал нутрициолог Мира Панова күнделікті кара және көк шай ішу қаншалық пайдалы екенін, олардың ағзаға әсерін және қандай шай түрлері зиян болуы мүмкін екенін айтты.

КОФЕ ІШУДІҢ ӨЗ УАҚЫТЫ БАР

Кофенің алғашқы кесесін ұйқыдан ояңғаннан кейін бір немесе екі сағаттан соң ішкен дұрыс, — дейді сомнолог-дәрігер, эндокринолог Дарья Лебедева.

КОФЕИНГЕ РЕАКЦИЯ ӘР АДАМДА ӘРТҮРЛІ

«Адамдар үш түрлі болады: біреулер кофе ішкен соң сергектік сезінеді, басқалары діріл мен жүрек қағысының жиілеуін байқауы мүмкін, ал енді бірі керісінше, кофе ішкен соң ұйқысы келе бастайды. Бұл айырмашылықтар — кофеинді ағзада өңдеу жылдамдығына байланысты. Кей адамдар үшін кофе екі сағатта ағзадан шығса, енді біреулерде бұл үрдіс 12 сағатқа дейін созылады. Сондықтан кофеге қатысты кеңестер барлығына бірдей бола алмайды», — дейді дәрігер.

Кофені қашан ішу керек және неден аулақ болу қажет

«Базалық ереже бар — кофені ояңған соң бір-екі сағаттан кейін ішкен дұрыс, өйткені дәл осы кезде ағзадағы кортизол деңгейі төмендей бастайды. Ал кешкі сағат 14:00-ден кейін кофе ішуге болмайды, әсіресе ұйқысы бұзылған

адамдарға. Тіпті түскі астан кейінгі бір шыны кофе де ұйқы фазасын байқалмай-ақ кейінге ысырып жібереді», — деп түсіндірді дәрігер.

Егер сізде тұрақты ұйқысыздық пен мазасыздық бар болса, кофеден мүлде бас тарту керек. Мұндай жағдайда дәрігерге қаралған жөн.

КОФЕДЕН ҚОРЫҚПАУ КЕРЕК, БІРАҚ ШЕКТЕН ШЫҚПАҢЫЗ

«Кофе — жаман нәрсе емес, егер оны саналы түрде тұтынсаңыз. Ол зейінді арттырады, көңіл күйді жақсартады, физикалық шыдамдылықты күшейтеді. Сондықтан кофені «жау» деп қарастырудың қажеті жоқ. Мәселе кофенің өзінде емес, оны бақылаусыз ішуде. Егер сіз күніне 5-6 шыны кофе ішетін болсаңыз, ол біртіндеп мазасыздық, ұйқысыздық пен бас ауруының көзіне айналуы мүмкін. Егер кофе шаршаған ағза үшін «таянышқа» айналса, оның мөлшерін азайту керек. Хроникалық шаршауды елемей қоймаңыз — ең дұрысы, ұйқыны қалпына келтіру», — деп қорытындылады дәрігер.

№29 санды шыққан сөзжұмбақтың жауабы

О	К	И	А	К	М
А	Л	М	Ұ	Р	Т
Ж	А	И	У	Ш	А
А	И	Қ	Ы	Ш	Р
А	Н	А	Қ	А	Қ
С	Ш	О	Қ	А	Л
Т	О	Р	Қ	А	Д
Р	А	М	М	А	Н
О	Й	И	О	П	А
Н	Е	О	Н	Р	Т
О	Ж	А	З	А	Л
М	Е	Д	Р	Е	С
А	Р	Н	И	А	П
Ш	А	Н	А	Д	И
А	Ш	Л	А	Н	Г
Б	Ұ	Р	Қ	Ғ	А
А	А	М	А	Т	И
Д	А	Р	А	Р	А
А	А	Л	А	Қ	А
Н	Ү	С	Қ	А	А

ҰЛЫТАУДЫ ТЕРБЕГЕН ҚОБЫЗ ҮНІ

Жезқазған қаласында І Республикалық «Қобызым – қоңырым» байқауы өтті. Бұл өнер додасының Ұлытау өңірінде өтуі тегін емес. Қобыз өнерінің көшбасшысы, Қорқыттың сарынын жалғаған Қойлыбай бақсының кіндік қаны тамған жері – дәл осы өңір.

Аңызға айналған Қойлыбай әулие атындағы алғашқы республикалық қобызшылар байқауын Ұлытау облысы әкімдігінің қолдауымен облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен мәдени-сауық және шығармашылық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырды. С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық драма театры екі күн бойы қобыз сарынына сусындаған көрерменге толды. Байқаудың басты мақсаты – Қойлыбай әулиенің емші ғана емес, дәулескер қобызшы болғанын халыққа кеңінен таныту, ұрпақ санасына сіңіру. Сонымен қатар жас орындаушыларды ынталандыру, дәстүрлі қобыз орындаушылық мектебін жаңғырту да – байқаудың биік мұраттарының бірі. Жас өнерпаздар Қорқыттан бастау алған көне өнерге құрметпен қарап, бабалар



мұрасын жаңғыртты. Қобыз сарынымен көрерменді тәнті еткен өнерпаздар арасынан суырылып шыққан жүлдегерлер: Бас жүлде – Әсен Смаил (Талдықорған қаласы) І орын – Азбаев Әдлет (Алматы қаласы) ІІ орын – Құрманбек Олжас (Астана қаласы) ІІІ орын – Төреханов Ерасыл (Жетісу облысы) және Жетпісбаева Аяулым (Қарағанды облысы) Дипломанттар: Қыдырмұрат Әсел, Сайлауова Дана,

Ержан Жанайым (Алматы қаласы), Майданова Самал (Астана қаласы) Арнайы жүлде иегерлері: Қорқыт атындағы жүлде – Болат Арайлым (Алматы қаласы) Ықылас атындағы жүлде – Алтынбекова Гауһар (Қарағанды қаласы) Қойлыбай әулие атындағы жүлде – Кабыл Медет (Ұлытау облысы) Қобыздың тылсым сарыны Ұлытауда қайта жаңғырып, ұлттық рух пен киелі өнердің тамырына нәр құйды.


qazaquni.kz



КІТАПТЫҢ ҮШЕУІ ДЕ ТАРТЫМДЫ ҚАРЖАУБАЙ САРТҚОЖАҰЛЫНЫҢ ҮШ КІТАБЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Астанада көрнекті түрколог, тарих ғылымдарының докторы, Орхон ескерткіштерінің толық атласын жасаған Қаржаубай Сартқожаұлының өмірден озғанына бір жыл толуына орай еске алу шарасы өтті. Шара барысында ғалымның ғылыми және рухани мұрасына арналған үш бірдей кітабының тұсауы кесілді.

Еске алу жиыны Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өтті. Кеш барысында ғалымның өмірі мен еңбегі жайлы жүрекжарды естеліктер айтылып, түркітану ғылымындағы орны, рухани мұраға сіңірген өлшеусіз үлесі кеңінен сөз болды. Таныстырылған еңбектердің бірі – «Қош бол, апа» деп аталады. Бұл шығарма – ғалымның отбасына, әсіресе анасына деген сағыныш пен тағзымнан туған естелік жазбалар жинағы. Екінші еңбек – «Тастан тамыр іздеген ғұлама» жинағы. Мұнда шетелдік және қазақстандық ғалымдардың, әріптестері мен қаламдас достарының Қаржаубай Сартқожаұлы туралы естеліктері мен пікірлері топтастырылған. Түркі әлеміне сіңірген еңбегі мен ғылыми болмысына берілген шынайы баға осы кітапта көрініс тапқан. Үшінші кітап – «Подземный мавзолей древнетюркской эпохи Шороон Бумбагар (Майхан Уул)» атты ғылыми монография. Бұл – Қаржаубай Сартқожаұлы жетекшілік еткен халықаралық археологиялық экспедициялардың нәтижесінде жазылған, Моңғолия даласында ашылған көне түркі дәуірінің жерасты мавзолейіне арналған іргелі зерттеу.



Шарада сөз алған университет ректоры Ерлан Сыдықов ғалымның есімі ЕҰУ жанындағы Түркология және алтайтану ғылыми-зерттеу орталығына берілетінін мәлімдеді. Көрнекті сәулетші, Мемлекеттік рәміз – Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков Қаржаубай Сартқожаны: – Күлтегінің көк түркі рухын қазақ даласына әкелген бірден-бір адам – Қаржекең. Ол тарихи сана кеңістігін тереңнен бастау алатынын дәлелдеді, – деп ерекше тебіреніспен еске алды. Филология ғылымдарының докторы, академик Серік Негимов Қаржаубай Сартқожаұлының мүсінін Астана мен Бурабай ара-



сындағы жол бойына орнату керектігін айтса, алаштанушы ғалым Дикан Қамзабекұлы: – Қаржекең ғылымдағы ең үлкен марапатты – халықтан алды. Талай атақ алғандардан сіз алда жүрсіз, – деп ғалымның қарапайым болмысы мен рухани биігін ерекше бағалады. Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ ғалымның артында сирек кездесетін баға жетпес кітапхана қалғанын айтып, оның қорын цифрландыруды, әрі арнайы кітапхана ретінде сақтауды ұсынды. Қаржаубай Сартқожаұлы 1947 жылы Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. Моңғолия мемлекеттік университетін тәмамдап, кейін Ленинградтағы Шығыстану институтында білімін тереңдетті. Түркітану ғылымына біржолата бет бұрып, халықаралық экспедицияларға қатысып, Орхон жазба мұраларын зерттеуге өмірін арнады. Ол – түркі халықтарының тарихи жадына қатысты мол дерек жинап, Орхон ескерткіштерінің толық атласын жасаған тұңғыш түрколог. Қазақстан мен Моңғолиядағы көптеген археологиялық жобалардың негізін қалаған, ғылым мен руханиятқа қалтқысыз қызмет еткен ұлт жанашыры болды. Ғалымның еңбектері – түркі әлеміне ортақ қазына. Жаңа жарық көрген үш кітабы оның ғылымға, ұлт тарихына қалдырған мәңгілік аманаты іспетті. Шара соңында зиялы қауым ғалымның рухына арнап дұға бағыштап, ас берілді.

qazaquni.kz

Суреттер: Виктор Федюнин / Kazinform

Меншік иесі:
"Қазақ үні" ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:
Әбдіғәппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

Астанада "Алты Алаш"
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт. Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.

Газет "Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3
ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Гүлмира САДЫҚ

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК KQVKZKX, Кбе 17
Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға	қала үшін	ауыл/аудан үшін
	5750,88 тенге	5974,32 тенге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.